

АБАЙТАНУ

ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР

VI том

Алматы
«Қазақ университеті»
2016

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

А 13

Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология, өдебиеттану жөне әлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі жөнен

Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған

(№1 хаттама 6 қараша 2015 жыл)

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жаңындағы

Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған

ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Ж. Дәдебаев (терага), О. Әбдіманұлы, З. Бисенғали, Т. Есембеков,
А. Жаксылықов, Қ. Мәдібаева, Ж. Молдабеков, З. Сейітжанов, Ә. Тарак,
А. Темірболатова, Ж. Тілепов, Р. Тұрысбек, П. Бисенбаев (хатшылар тобының
жетекшісі), И. Әзімбаева (жаупапты хатшы), Ә. Жапарова (хатшы)

Пікір жазған

филология ғылымдарының докторы, профессор Ә. Тарак

Жалпы редакциясының басқарған

филология ғылымдарының докторы, профессор Ж. Дәдебаев

Құрастырылыш, түсініктерін жазғандар:

П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Жаупапты редактор

филология ғылымдарының докторы, профессор З. Бисенғали

А 13 **Абайтану.** Таңдамалы еңбектер. VI том. Ойлар мен толғаныстар /
құраст., түсінік. жазғ.: П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұр-
әділ; жаупапты ред. З. Бисенғали; жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев.
– Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 299 б.

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)

ISBN 978-601-04-1680-2 (VI том)

Абайтану ғылыми бойынша жарық көріп отырган таңдамалы еңбектер басылымы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Абай тұралы сез» толғауымен ашылған. Алтыншы тома абаитану саласында тауелсіздік түсінігі жарық көрген таңдамалы еңбектер арнаны топтастырылған.

Кітап орта мектептің жоғары сыйып оқушылары мен жоғары мектептің білім алушылар жастағыра, ғылым мен белгілім, мәдениет мамандарына, мемлекет қызыметкерлеріне, сондай-ақ қалың көпшілікке арналған.

Том елдің ынтымығы мен бірлігінің нығаюына, интеллектуалдық алеуеттің артуына, коғамдық санаңын дамуына қызмет етеді.

Том 3979/ГФ4 – «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын ғынаратып, зерттеу» бағдарламасы ажынында дайындалып, жарық көріп отыр.

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)

ISBN 978-601-04-1680-2 (VI том)

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жаңындағы

Абай ғылыми-зерттеу институты, 2016

БІЗ АБАЙДЫ ТАНЫП БОЛДЫҚ ПА?

Мерейтой қарсаңында ұлы ақын туралы аз жазылып жатқан жоқ. Әркім өз өресіне қарай, Абай шығармаларының байыбына барып, тереннен қарпып айтқандар да, бетінен қалқып айтқандар да баршылық. Тіпті Абайдың сөзін жеткізгеннен гөрі ұлы ақынның шарапатымен өзін өткізуге тырысатындар да жоқ емес. Ең ғажабы, Абай «соқтықпалы, сокпақсыз жерде» жүріп-ак, бір өзі бүкіл қазақты алаканға салғандай ашып көрсеткен еді. Ал біз, бар қазақ жабылып, осы күнге дейін бір Абайды түсіндіре алмай келеміз.

Жалпы, Абайды тап басып тану қай кезеңде де оңайға соқ-паған. Мәселен, Абайға заманы бір табан жақын, осы ғасыр басындағы ең сауатты адам Ахмет Байтұрсыновтай-ак болар. Сол Ахан өзінің «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласында былай деп жазады: «1903 жылы қолыма Абай сөздері жазылған дәптер түсті. Оқып қарасам, басқа ақындардың сөзіндей емес. Олардың сөзінен басқалығы сонша, әуелгі кезде жатырқап, көпке дейін тосаңсып отырасын. Сөзі аз, мағынасы көп. Терең. Бұрын естімеген адам шапшаң оқып шықса, азына түсініп, көбінің мағынасына жете алмай қалады, – деп келеді де, – бірақ ол ауырлық Абайдың айта алмағанынан болған кемшілік емес, окушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан... Айып жазушыда емес, окушыда», – деп тұжырымдайды. Ұлы ғұлама осы мақаласында Абай шығармаларының күретамырын қалай дөп басқан десенізші!

Алаш азаматтарынан кейін Абайды түбегейлі зерттеген, ақын тұлғасын көркем сөзбен сомдал, дүйім дүниеге танытқан кісі – ұлы Мұхан, Мұхтар Әуезов екені белгілі. Осынау киелі де киын тақырыпты сол кезде басқа біреу емес, Әуезовтің қолға алуы қазақтың бағы десе болады. Бұл өзі – ағысы қатты қос өзеннің бір арнада тоғысып, қосыла жөңкілгеніндей, аса ғажайып құбылыс. Алайда, ұлы ақын өмірінен төрт томдық эпопея жазған, қаншама зерттеу мақалаларын арнаған сол Мұханның өзі Абайдың сан-

салалы қырларын түгел айтып тауыса алмай кетті. Өресінің, білігінің жетпегенінен емес, айтқызбады. Ұлы жазушының тіліне тиек салып, қаламына қарауыл қойды.

Иә, Абай – телегей-теніз. Ол ешкімнің де құшағына сыймайды. Абайды тану – қазақ халқын танумен бірдей. Өйткені қазақ қауымын дәл Абайдай танып, Абайдай түсіндірген ешкім жоқ. Қазактың бойындағы мін-мерез, шер-шемен, кем-кетікті де Абайдай қазбалап, жеріне жеткізе ашып көрсеткен екінші адамды тағы таппайсыз. Тіпті, байыбына бармаған кісі «ұлы ақын өз халқын сұмдық жек көрген бе, қалай» деп ойлап қалатындар... Оны солай үстірт түсінген мысықтілеулі біреулер кейінгі кезде Абайдың трактаттарынан орыс газеттерінде үзінді аударып басылып, «міне, өткен ғасырдағы қазактардың сиқы осындар» деп табаламақ болғаны да жайдан-жай емес.

Ондайлар жалаң сөзге жармасқанымен, Абайдай ұлы патриоттың жан сырын, жүрек лұпілін қайдан түсінсін?! Анығына келгенде, өз ұлтын дәл Абайдай сүйген адам жоқ шығар! Оның айтар сыны, тағар міні де, кейде өз ағайындарына көнлі толмай күніренеү де сол ұлы махаббаттан туған. Абай – қазақ ұлтының рухани әкесі. Өз халқының балалығы мен шалалығын басқа ұрып айту, көзге шұқып көрсету Абайдай ұлыларға ғана жарасады.

Мерекелік шағын мақалада біз Абай туралы әлдебір жаңалық ашайық деген ойдан аулақпыш. Тек бұрын-сонды жазылған еңбектерде бой көрсетіп қалатын кейбір түйіткілдерге ғана тоқтағымыз келеді. «Сенбे жұртқа тұрса да қанша мақтап» деп ақынның өзі айткандай, Абай әлемі қашанды көпірме мактауды, сырты жылтыраған әсіре қызыл сөздерді қажетсінбейді. Кейде ұлы ақынға тенеу таппай қалғанда, «Абай – пайғамбар» дейтініміз бар. Бұл сөзді бұрынғы өткен ұлы билерге де орындыорынсыз қолданып жүрміз. Содан тыйылуымыз керек. Әсліл, пайғамбардың мағынасы – Алла тағаланың жерге жіберген елшісі дегенді білдіреді ғой. Ең соңғы пайғамбар – Мұхаммед. Ислам дініне бәлендей жетік болмасақ та, бәріміз де сол Мұхаммедтің үмбетіміз. Ендеши, сауатты адамдарша әр нәрсені өз атымен атағанымыз жөн. Абайдың өзі де «мен – пайғамбармын» деп

айтпаған. Алланың өзіне де, сөзіне де, оның жердегі елшісіне де риасыз сенген... Біздіңше, Абай пайғамбар емес, ұлы ұстаз, данышпан ақын, кеменгер хакім. Қазақта өлең сөзді таққа отырғызып кеткен поэзия патшасы. Біз ақын бойынан жоқты ізdemей-ак, барын танып білсек те аздық етпейді.

Данышпандықтың бір белгісі адамзатқа не қажет, не қажетсіз, не нәрсе мәңгілік, не нәрсе науқандық екенін дәл ажырата білуінде болса керек. Кеңес дәүіріндегі кейбір зерттеушілер: «Бәрін біліп, бәрін сезген Абай, амал не, таптық күресті түсінбеді. Пролетарлық төңкерістің табалдырығына келіп тоқтап қалды» – деп қатты қынжылушы еді. Ақынға тағар айыптың үлкені де сол болатын... Иә, кеменгер Абай «таптық курсес» дегенге бәлендей мән берген емес. «Байда мейір, кедейде пейіл де жоқ, андыстырған екеуін құдайым-ай!» – деп, қоғамның мәңгі бітпес кайшылығын екі жол өлеңмен айтты да қойды. Ұлы гуманист адамзатқа қажет асылды байлықтан, не кедейліктен емес, адамның өз бойынан, ақыл, қайрат, жүректің үйлесімінен ізdedі. Ақынның әсіре қызылға қызықпай, шындық пен өтіркітің, ақиқат пен айғайдың шекарасында кілт тоқтағаны қандай көрегендік?! Айғайдан бірдене өнетін болса, біздің ақындар жарысқа түскендей тап тар-тысын тәуір-ақ жырлады ғой. Бірақ содан не шықты?

Иә, біз ұзақ жылдар бойы Абай мұрасына тек таптық түрғыдан қарадық та, ол ашқан жаңалықтар мен ол барған терендіктерге көп бойлаганымыз жоқ. Ақынның дінге деген көзқарасы, кемелдікке жеткен «толық адам» туралы қағидалары сол күйі қозғаусыз жатты. Сондай тың жатқан дүниелердің бірі Абай орыс отаршылдарын қалай қабылдады, ақын шығармаларында басқыншыларға қарсы сарын анғарыла ма деген сауалға тіреледі. Ақынның «дүниенің кілті, өнер-білім – орыста» деген белгілі сөзін көлденен тартып, «Абай тым орысшыл болған жоқ па?» дейтіндер де табылды. Кейінгі кезде осы тақырыпта мақала жазған авторлар Абайды «ақтайтын» дәлелдер ізделеп, қара терге түсіп жүр.

Иә, әкесі Құнанбай қажы өз кезінде сын таққанында, Абайдың «орысшыл» болғаны рас. Жалғыз Абай ғана емес, оның алды-артында жасаған Шоқан, Ыбырай сынды ұлы ағартушылар

да осы жолды ұстанды. Бірақ сол ұлы ғұламалардың қай-қайсысы да дүниеде бір-біріне керегар екі Ресей барын жақсы білді. Тегінде, данышпандар қателеспейді. Егер Абай: «Өнер-білім – орыста», – десе, сол заманда ол да айдай ақиқат болатын. Әрине, ұлы ақын дүние жүзін түгел аралап көрген жоқ. Алайда ол кезде қазақ даласымен іргелес жатқан елдер ішінде өнер-білім, өркениет жағынан дәл Ресеймен терезе теңестіретін жұрт жоқ еді. Абай заманында орыстар өзінің алтын ғасырын бастан өткізіп жатты. Абай үлгі тұтқан, өнерінен өріс тауып, сарқылмас азық алған ол кездегі орыс пен қызыл империя тұсындағы біз көріп жүрген орыстың үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Не керек, Қазан төңкерісін жасағандар, басқа бодан халықтарды былай қойып, орыс халқының да бетіндегі каймағын сыптырып тауысқан ғой. Орыс әулеті аз жылда өзінің зиялды дворяндарынан, іскер көпестерінен, өнерпаз шеберлері мен жер қадірін білестін ауқатты шаруаларынан жүрдай болып, бірыңғай мұжықтар еліне – тексіз тобырға айналып шыға келді. Соңғы жетпіс жылда орыс атын жамылған кірме жұрт өкілдері Ресейдің ядролық каруын жасап, ғылымын дамытып, музыкасын, киносын көркейтіп, қылайғы шахматына дейін ойнап бермегендеге, бұл елдің жағдайы мүлде мүшкіл болар еді. Егер Абай бір сәт тіріліп, ортамызға оралар болса, «қалың ел – қазағын» ғана емес, бүгінгі орысты да танымай қалар еді.

Ал Абай орыс отаршылдығын сезінді ме, олар орнатқан тәртіпке қарсы құресті ме деп сұрақ қоюдың өзі әбестік. Өмір бойы «мыңмен жалғыз алысқан», жаралы жүргегі «махаббат пен ғадауаттың майданына айналған» Абай сонда кіммен шайқасып жүр деп ойлайсыз? Өз басынан ырқы кеткен, шарасыз, кірптар халқымен бе? Жоқ. Ұлы ақын отаршылдар орнатқан тәртіппен, солар егіп өсірген арам шөптермен алысып өтті.

Рас, Абай «мынау – сенің жауың» деп басқыншыларды басқа ұрып көрсеткен жоқ. Өз халқын балтаға – қарулы көтеріліске де шақырмады. Қарулы қақтығыс шыға қалса, ол кезде оның немен тынарын Абай жақсы білді. Кенесары хан бастаған ұлт-азаттық қозғалысы қанға боялып, қасіретпен аяқталғанда, Абай небәрі екі

жаста. Ұлы ойшыл кейін есейе келе ол оқиғаны зерттемеуі, тиісті қорытынды шығармауы мүмкін емес. Бәлкім, Абайдың баянды да, бейбіт күрес жолын таңдауына сол оқиға себеп болған шығар.

Жоғарыда айтқанымыздай, Абай өз халқын мінеп-сынағанда, өте-мөте өшіге шүйліккені: жаңа заманың би-болыстары, партияшыл, жікшіл рубасылары мен ел ішіне іріткі салған атқамінерлер, кү-пысықтар екені жұртқа белгілі. Осылар кімдер? Қайдан пайда болған адамдар? Қазақ халқы тұмысынан солай ма? Жоқ, әлде заманына қарай бертінде біткен мінез бе? Әрине, бұлардың бәрі де қазақ бодандық дәүірде кейін жұққан індег. Абылай, Қабанбай заманында бұлардың бірде-бірі болмаған. Жаңағы жағымпаз, жемқор болыс та, партияшыл, жікшіл, кү-пысық та бодандық, құлдық дәүірдің зағип перзенттері... Абай назаның ұшын ең алдымен осыларға қаратты.

Абылай хан дүниеден өткен соң, Қазақ ордасы бірте-бірте ыдырап, солтүстік аймактар Ресейдің, онтүстік өлкелер Бұхар мен Қоқаның теліміне түскені мәлім. 1822 жылы қазақ хандығы таратылып, округтар мен аймактар патша үкіметіне тікелей бағынатын болды. Бастаң билік, колдан тізгін тайған соң, кешегі асау-арда көшпенділер байырғы мінезінен жаңылып, қолға тұрар қой торыға айналды. Дала тұрғындарына тән батырлық, мәрттік, серіліктің орнын енді жалтақтық, жасықтық, екі жүзділік басты. Опасыздар мен сатқындар санатқа қосылып, ел қамын жеген Едігелер күғынға ұшырады. Заманы солай болған соң, ел іші азғындал, баяғы батырдан – барымташы, барымташыдан – ұры, ұрыдан – қары, қарыдан бәрі туды... Міне, ұлы Абай есейе келе осындағы ортаға тап болды. «Бас-басына би болған» берекесіз жұртпен қай бийкке шығарсың? Қай басқыншымен тіресерсің??

Бұрынғы бабалар заманында бәрі басқаша болғанын «Отыз тоғызыншы сезде» Абайдың өзі де еске алады: «Рас, бұрынғы біздің ата-бабаларымыздың білімі, күтімі, сыпайылығы, тазалығы төмен болған. Бірақ бұл замандағылардың артық екі мінезі бар екен... Ол екі мінез қайсы десен, әуелі ол заманда ел басы, топ басы деген кісілер болды... Екіншісі намысқор келеді екен. Ата аталып, аруақ шақырылған жерде, ағайын өкпе-араздыққа қарамайды екен, жанын салысады екен».

Бұл арада Абай қазақтың тәуелсіз, өз билігі өзінде тұрған кезде намысын ешкімге жібермейтін, берекелі, іргелі ел болғанын айтып отыр. Амал не, өткен ғасырдың екінші жартысына келгенде, содан жұрнақ та қалмады. Құлдық пен кіріптарлық адамдар мінезін қалай өзгертуі дейсіз ғой? Оқып көрініз:

Мәз болады болысың,
Арқага ұлық қаққанға.
Шелтірейп орысың
Шенде шекпен жапқанға...

Ол заманда қазақтың қолы жеткен ең үлкен мансап болыс десек, ел тізгінің ұстап жүрген сол болыстардың сиқы әлгіндей. Ал енді мына жолдарға назар аударыңыз:

Бір аршопке шапаны сондай шап-шак,
Мүшесінен буынып, басады алшак,
Қасын алға жымырып келтірем деп,
Ақ тымақтың құлағы салтак-салтак.
Жазды күні ақ беркі бүктелмейді-ақ,
Қолында бір сабау бар о дағы аштақ,
Керегеге сабауын шашып қойып,
Беркін іліп қарайды жалтақ-жалтак...

Бұл кім дейсіз ғой? Бұл – ауылда тұтін андып, бос сандал-баймен күн өткізетін, белгілі кәсібі, не тұрлаулы еңбегі жоқ, «сымпыс шолак, қу борбайлардың» сырт келбеті.

Сыбырдан басқа сыры жоқ,
Шаруага қыры жоқ,
Өтірік-өсек мактантанға
Ағып тұрған бейне су.
Ат-шапаннан кем көрмес,
Біреу атын қойса «қу»

Немесе:

Барып келсе, Ертістің сұын татып,
Беріп келсе бір арыз бұтып-шатып.

Елді алып, Еділді алып есіреді,
Ісіп-кеуіп қабарып келе жатыш...

Бұл кім? Бұл – аздаған хат сауаты бар, бірақ біреудің үстінен арыз айдал, пәле жаппаса ішкен асы бойына тарамайтын, ел ішін ала тайдай бұлдіріп жүрген құ-пышықтың нағыз өзі.

Міне, Абай өмір бойы осылармен алысып өтті. Үзалы жүрек, долы қол бар утын осыларға төкті. Соларды өлтіре сынау арқылы, отаршылдарға қарсы оқ атты. Тегінде, бодандық пен кіріптарлықтың халыққа тигізетін ен үлкен зардабы – бас еркіннен айырғаны, не бар байлығынды бұлап-талағаны емес, жуыр маңда тазармайтындағы етіп, құлдықтың неше алуан дертін егіп кеткені. Қазір тәуелсіз ел болған кезімізде билікті де, байлықты да қайтарып алармыз-ау. Бірақ отаршылдар бойға әбден сіңіріп кеткен сатқындық пен мәнгүрттік түп етектен онай айырыла қояр ма еken?! Демек, Абай бастаған күрес әлі тоқтаған жоқ. Ұлы ақын өзінің ойлы да, мұнды жырларымен бізді әлі де болса азаттыққа, кемелдікке шакырып тұрғандай.

Анығына келсек, Абай туралы әңгіме енді басталды. Біз бұл сапар өз ойымызды осымен тиянақтаймыз. Сөз соңында айтарымыз: қазақ мәдениеті тарихында Абай – теңдесі жоқ дара тұлға. Заманы бір еken деп, немесе басқа бір аймакта туды еken деп, оның қатарына кім көрінгенде тіркеп жазуға болмайды... Абай – тарихымызда мүшелтойын бүкіл дүние жүзі түтег атап өтіп отырған жалғыз қазақ. Қазір сөз қадірі кетіп, қазаққа бұдан кейін ақын-жазушы қажет пе, жоқ па деп жүргенде, бұл да бір абырай болды. Амал не, бұл жолы қазақ елі атынан шет елдерге топтанып барып, Абайды насихаттау шенеуніктер шеруінен артылған жоқ. Тек сол мырзалар Абайдың ең алдымен ақын еkenін, жер шарын аузына қаратқан байлық та, мансап та емес, көркем сөздің құдіреті еkenін есте ұстаса болғаны!

ТҮСІНІКТЕР

1. Тасмагамбетов И.Н. Абай – пікірміздің пірі, рухымыздың туы. Қазақстан Ұлттық Фылым академиясының Абайдың 150 жылдығына арнап еткізген мерекелік сессиясының ашылуындағы сез. 1995 жыл 8 тамыз // Баспасөз бетінде жарияланған: Абай туралы сез. – Алматы, 1996. – 25-29-беттер; Абай институтының вебсайты.
2. Сұлтанов Қ. Абай – адамзатқа ортақ тұлға. ЮНЕСКО-ның мәдениет саласындағы комиссиясы мәжілісінде 1993 жылғы 2 қарашада сойлеген сезі // Баспасөз бетінде жарияланған: Егемен Қазақстан. – 1993. – қараша; Сұлтанов Қ. Серпінді кезең. – Астана: Елорда, 2005. – 6-11-беттер; Абай институтының вебсайты.
3. Жолдасбеков М. Абайша сүйіп, Абайша күйіп журміз бе? // Баспасөз бетінде жарияланған: Егемен Қазақстан. – 2008. – 26 қараша; Жолдасбеков М. Жеті томдық шығармалар жинағы. 4-том. Асылдарым. Эсселер. Ойлар. Тебіріністер. – Астана: Құлтегін, 2012. – 55-74-беттер; Абай институтының вебсайты.
4. Абрахманов С. Абайдың аударма лирикасы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абрахманов С. Төлтума мен телтума (зергітеу). – Астана: Елорда, 2007. – 171-202-беттер; Абай институтының вебсайты.
5. Нәрібаев К. Абай – тұтас бір әлем. Баспасөз бетінде жарияланған: Нәрібаев К. Тұлғаларға тағзыым. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ «Ұлағат» баспасы, 2012. – 50-52-беттер; Абай институтының вебсайты.
6. Жұмаділов Қ. Біз Абайды танып болдық па? Баспасөз бетінде жарияланған: Жұмаділов Қ. Он екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазынды, 2005. – 12-том. – 289-296-беттер; Абай институтының вебсайты.
7. Ысқақбай М. Абай шеберлігі хақында. Баспасөз бетінде жарияланған: Ысқақбай М. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Нұрлы әлем, 2007. – V том. – 285-307-беттер (мақаланың «Шеберлік асуында» деп аталатын екінші бөлімі берілді); Абай институтының вебсайты.
8. Жарықбаев Қ. Абай Құнанбаев – қазақ халқының ұлы агартушысы. Баспасөз бетінде жарияланған: Жарықбаев Қ. Абай – қазақ халқының ұлы агартушысы. – Абай институтының вебсайты.
9. Салғарин Қ. Абай танымнан – тағылым. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай және қазіргі заман: зерттеулер жинағы. – Алматы: Фылым, 1994. – 99-111-беттер; Абай институтының вебсайты.
10. Фаббасов С. Абайдың педагогикалық көзқарасы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай және ұлттық идея. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары / құрастырылғандар: Т. Әлібек, А. Сейітова. – Алматы: М.О. Өуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, 2005. – 99-112-беттер; Абай институтының вебсайты.

11. Сыздықов К. Абайдың әсемдік танымы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай және ұлттық идея. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары / құрастырылғандар: Т. Әлібек, А. Сейітова. – Алматы: М.О. Өуезов атындағы әдебиет және өнер институты, 2005. – 65-71-беттер; Абай институтының вебсайты.
12. Көбесов А. Әл-Фараби мен Абай. Баспасөз бетінде жарияланған: Көбесов А. Әл-Фараби мен Абайды қатар оқығанда: Зерттеу еңбек. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 58 б.; Абай институтының вебсайты.
13. Нұргали Р., Рсаев Т. Абай пайдаланған басқа тілдер сөздігі. Баспасөз бетінде жарияланған: Нұргали Р. Сырлы сөз. Әдеби сын, зерттеу. – Алматы: Жазушы, 2000. – 340-360-беттер; Абай институтының вебсайты.
14. Сейдімбеков А. Абай және Ренессанс. Баспасөз бетінде жарияланған: Егemen Қазақстан. – 1995. – 29 наурыз; Абай институтының вебсайты.
15. Досжан Д. Ақылдың қыры. Баспасөз бетінде жарияланған: Досжан Дүкенбай. Шығармалары. IV томдық. – Астана: Фолиант, 2008. – 3-том. – 380-395-беттер; Абай институтының вебсайты.
16. Әмірәлиев Қ. Абайдың нақыл сөздерін оку-тәрбие ісінде пайдалану туралы. Баспасөз бетінде жарияланған: Әмірәлиев Қ. Абайдың нақыл сөздерін оку-тәрбие ісінде пайдалану (мұғалімдерге көмекші құрал). – Алматы: Мектеп, 1968 (кітаптың осы тақырыппен аталаған бөлімі берілді). Абай институтының вебсайты.
17. Әсемқұлов Т. Абайдың ұлы жұмбагы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай. – 2010. – № 1. – 30-37-беттер; Абай институтының вебсайты.
18. Атабаев Қ. «Қазак» газеті – екінші Абай мектебі // Абай институтының хабаршысы. – 2010. – №5. – 73-75-беттер; Абай институтының вебсайты.
19. Созақбаев С. Абай заң жүйесіне енгізген өзгерістер. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай. – 2005. – №1. – 42-47-беттер; Абай институтының вебсайты.

МАЗМҰНЫ

Тасмагамбетов И. Абай – пікірміздің пірі, рухымыздың туы	3
Сұлтанов К. Абай – адамзатқа ортак тұлға	9
Жолдасбеков М. Абайша сүйіп, Абайша қүйіп жүрміз бе?	14
Абдрахманов С. Абайдың аударма лирикасы	36
Нәрібаев К. Абай – тұтас бір әлем	64
Жұмаділов К. Біз Абайды танып болдық па?	68
Ысқақбай М. Абай шеберлігі хақында	75
Жарықбаев К. Абай Құнапбаев – қазақ халқының ұлы агартушысы	100
Салғарин Қ. Абай танымнан – тағылым	111
Ғаббасов С. Абайдың педагогикалық көзқарасы	121
Сыздыков К. Абайдың әсемдік танымы	135
Көбесов А. Әл-Фараби мен Абай	142
Нұргали Р., Рсаев Т. Абай пайдаланған басқа тілдер сөздігі	179
Сейдімбеков А. Абай және Ренессанс	218
Досжан Д. Ақылдың қыры	229
Өмірәлиев Қ. Абайдың нақыл сөздерін оқу-тәрбие ісінде пайдалану туралы	246
Әсемқұлов Т. Абайдың ұлы жұмбабагы	268
Атабаев Қ. «Қазақ» газеті – екінші Абай мектебі.....	280
Созақбаев С. Абай заң жүйесіне енгізген өзгерістер	286
Түсініктеп	296

Оқу басылымы

**АБАЙТАНУ
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР
VI том
Ойлар мен толғаныстар**

Күрастырып, түсініктерін жазғандар:
П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Редакторы *K. Мухадиева*
Компьютерде беттеген *Y. Әбдіқайымова*
Мұқабасын безендірген *K. Өмірбекова*

ИБ№9135

Басуга 26.01.16 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.
Көлемі 18,6 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыш. Тапсырыс №1511.
Таралымы 50 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.